

Ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповтің соғыс жылдарында жазған әңгімелері де өз ерекшелігімен дараланып тұрады. Оның осы кезеңде жазған “Ер ана”, “Ақлима”, “Ана кесімі айнымайды”, “Тарландар”, “Ер Қаптағай” атты бес әңгімесі қаламгердің көркемдік-идеялық ізденістеріндегі басты бағыттарды байқатады. Ұлы Отан соғысы өршіп тұрған кезеңде дүниеге келген бұл шығармалардың тақырыптары әртүрлі болғанымен, суреткердің көздеген нысанасы мен басты идеясы ортақ: халықтың жеңіске үлес қосуына үндеу, ерлік әрекеттерді жырлау және Отанды қорғау жолында әр адамның өзіндік орны бар екенін аңғарту. Соғыс кезеңінде жазылған Ғ.Мүсірепов әңгімелерінің түрлі нұсқаларын салыстыра келгенде, шығармалардағы редакциялау барысындағы өзгерістер жөнінде айтар болсақ, онда автордың шығарма тіліне өте мұқият қарайтындығын аңғарамыз. Кез-келген жазушы өз туындыларын әр жылдар бойы қайта қадағалап, көңіл қоя өзгертіп, толықтырып, жөндей бермейді. Автор өз еңбектерін редакциялау барысында, мәтіндік түзетулер енгізіп отырған: жинақ шығару кезінде үнемі ізденіс жолында болып, кез-келген туындыларын тиянақты сын көзбен тексеріп, түзету-толықтыру үстінде болды. Сыншы-ғалым Т.Кәкішев жазушыдан сұхбат алу барысында: “Қолжазбаларыңызды неге сақтап қоймағансыз?”- деп сауал тастағанда, жазушы қолжазбаның оқырманға керегі жоқ, өңделген, түзетілген мәтінді оқыса болады депті. Мұндай көзқарас автордың даралық қағидаларының бірі.

Жазушының соғыс уақытындағы шығарылған әңгімелері қысылтаяң уақытта асығыстықпен жазылып, содан қаламгер бірталай жылға дейін баспаға бермеген. Тек, 1942 жылы жазылған “Ер ана” шығармасы сол жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің наурыз айындағы №8 санында жарық көрді. Бұл әңгімеде фашистер селоға шабуыл жасағанда, жұртпен бірге кетпей, мектеп үйінде ауырып жатқан немересі — Лиданың қасында Наталья әжесі қалып қояды. Әңгіменің соңы ананың үй толы жауды өртеп, немересін арқалап, партизандарға қосылу әрекетімен бітеді. Осы патриоттық биік сезімдер қасиетті жерін табандарымен таптаған зұлым дұшпанға деген ұлы өшпенділікке ұласады. Осы арада, анаға қайрат бітіріп, оны батырлық әрекетке жетелеген қуат көзі — Отанды сүю.

Текстологиялық талдау барысында соңғы нұсқаның көп толықтырылып, өңделгенін аңғарамыз. Бұл — заңды құбылыс. Жалпы шығарманың мазмұны бастапқы нұсқа мен кітап нұсқасында бір болғанымен, кейінгі нұсқа тіл мәнерлілігімен, көркемдігімен толыққан. Әңгіменің алғашқы газет (1) нұсқасы мен кейінгі нұсқасын (2. 177-б) қатар алып қарау барысында жоғарғыда көрсетіліп өткендей, тіл мәнерлілігінің біраз өзгешеліктерін көреміз. Осы екі мәтінді салыстыра қарағанда, мынадай нақтылы айырмашылықтарды көрсетсек: газет нұсқасы кітап парағымен есептегенде 3,5 бет болса, кейінгі нұсқа (1980 ж.) 5 бет көлемінде екен. Яғни алғашқы нұсқасынан кейінгі нұсқасы көлемдік жағынан шамамен, 75 жолға өзгеріп, әңгіме көлемі 2 беттей көбейген. Оның

себебі, автордың әңгімені қолда біраз уақыт ұстап, өндеп жатпай, баспа бетінде тез арада жариялауы болып отыр.

Жазушының осы кезеңдегі екінші әңгімесі — “Ақлима” 1944 жылы жазылып, кейін араға төрт жыл салып барып жарық көрді. Бұл шығарманы көп өндеп барып, баспаға берген. Сонымен бірге, Мүсірепов шығарманы табиғатынан жәй, асықпай тексеретін. Жаза салғанымен, жұмыс бітті дей салатын адам емес: оны өз өмірімен бірге алып, мұқият бақылауға алатын стилист-шебер жазушы болатын. Оның кейбір туындыларында көп өзгерістердің болмау себебі де осында деп ойлаймыз.

Әңгімедегі өзгерістердің барлығы да автор тарапынан болмауы мүмкін. Шығармаларды редакциялау барысында кеткен өзге де қателіктер болады: жазушы шығармадағы кейбір ауытқулардың себебін корректор қателіктерінен деп те айтқан. Жазушының редакциялау барысындағы өзгертулерімен қатар, біршама болса да корректор қателері, баспа тарапынан кеткен қателердің болғандығын ескермеуге болмайды. Негізінен, туындылардың бергі кездегі басылымдарының мазмұны түсінікті қалыпқа енген. Ал, кейбір келіспейтін өзгешіліктер редакциялау барысында да іске асуы мүмкін: “Шығармаларымның басыла жүре әртүрлі кемшіліктерге ұшырап келгені бар... Корректор қателері, баспадан кеткен қателер де баршылық болып келді... Кейбір қате кеткен сөздерді оқушы неге көрмегені, сыншы неғып көрсетпегені таң қаларлық екен... Өзімнен кеткен қателер де табылады. Сондайларымнан тазарған 1979 жылға дейінгі прозалық шығармаларымнан бұдан былай баспаға ұсынарым осы демекпін” (3. 3-б), — деп кітапқа алғы сөз ретінде жазды. Сонымен қатар, жазушы: “Дұрысын айту керек, соңғы кездерде кейбір баспалар тарапынан әдебиет тіліне атүсті қарау етек алып бара жатқан жайы бар. Баспасөз орындарында редактор қолы бата тигені байқалмайды”(4. 57-б.), — деп сын айтқан.

“Ақлима” әңгімесі алғаш рет 1948 жылы “Әдебиет және искусство” журналының №8 санында жарық көрді. Бұл әңгіме жоғарғыда атап өтілген шығармалар тәрізді ана тақырыбы жайында болғанымен, мұнда ана ерлігі баяндалмайды: қазақ әйелінің соғыс кесірінен баласынан айрылған зор ішкі қайғысымен қоса, мәңгі сөнбес аналық үмітін көрсетеді. Қазақтың қарапайым әйелі — Ақлиманың балаға деген мәңгі өшпес сүйіспеншілігін, өміршен мұқалмас үмітін үлкен суреткерлікпен көрсеткен. Ақлима соғыстағы баласынан айрылып, зор қайғы кешіп жүргенде, баласынан соғыста өлді деген қара қағаз келгеннен бергі көңіл-күйін өзгертер қызық жағдай болды: ол — Сапар деген бейтаныс солдаттың хаты. Ана Қасымның тірі болмайтындығына ойымен сенгенімен, жүрегі сенбей жүргенде, бұл хат, жұбаныш тәрізді болды.

“Ақлима” әңгімесінің көлемі жағынан біраз да болса өзгешілік бар. Шығарма 1944 жылы жазылып, содан араға төрт жыл салып, 1948 жылы “Әдебиет және искусство” журналында жарыққа шықты. Сол журнал мәтіні мен кітап нұсқасын қатар алып қарағанда, аз да болса ерекшеліктерді байқаймыз. “Ақлимада” “Ер ана” әңгімесіне қарағанда айырмашылықтардың аз ұшырасуы, туындының автор қолында төрт жылдай болып, өнделіп, толықтыру мен түзетулерге түсуінде еді. Қаламгердің бір жағынан шығарманы жаза сала

баспаға бермеу себебі, тілге асықпай мән бере баяу жазатын табиғатына да байланысты. Сол себепті де шығарма бойынан аз өзгешелік кездеседі. Әр жылдардағы нұсқаларды салыстыру барысындағы ерекшеліктердің лексикасына келсек, журналда: “Қорғасындай ауыр сезілген қара бұлт түнгі аласа аспанның уықтарынан асып”,⁽⁵⁾ — деп берілсе, кейінгі мәтінде (2. 182-б) “сезілген” сөзі “созылған” болып, “уықтарынан” — “уық қары шегінен”, — деп өзгертілген. Сонымен бірге, тыныс белгілердің, сөз орындарының ауысуы жиі кездеседі. Бастапқы нұсқада: “біресе алдыңғы жағы, біресе артқы жағы”, — деп келсе, кейінгі мәтінде екі тіркес орны алмасқан. Мына бір сөйлем көп өзгеріске ұшыраған: “Бір кезде танкінің табаны да қатты жерге ілінгендей болды. Танкінің ішіне кірген су, кейін лықсып кеудемізге дейін бір жайнап өтті”, — деген сөйлем кітап нұсқасында былай беріледі: “Бір кезде танкінің ішіне кірген су кейін лықсып, кеудемізге дейін бір жайнап өтті”, — делінген ауытқуларға ұшыраған. Мәселен, алғашқы мәтіндегі тағы бір мысалды алайық: “Ана хаттың өзі көңіл көтерері толағай мүгедек екен деп қалма! Ол дүниемен арамыздағы ең үлкен серік”, — деп берілсе, кейін: “...Апа көңіл көтерері аздау болып шықты білем. Бірақ қу-толағай мүгедек екен деп қалма! Екі көзім айқындалып келеді дедім ғой. Көз дүниемен арамыздағы ең сенімді серігің ғой”, — деп берілуінде мағыналық айқындылық байқалады.

“Ақлима” әңгімесінің сюжетіне байланысты айта кететін бір мәселе бар. Ол - “Қазақ совет әдебиеті” (1987 ж.) атты мектеп оқулығында келтірілген әңгімеге қатысты оқиға болатын. Бұл сюжет бізге таныс мәтіндерде жоқ. Ол — “Сапар: “Сізге масыл болдым-ау” деп күйзелгеніне, “мұндай сөзді неге айтады бұл балам”^(6. 248-б), — деп Ақлиманың ішінен қатты абыржуы сияқты түсініксіз жәйттер болатын. Бұл жерден Ақлима мен Сапардың бір-бірін көріп табысуы, бірге өмір сүріп жатқанынан хабар берсе, ал бізге таныс нұсқадан бұл оқиғаны кездістіре алмаймыз. Әрине, оқиға қолжазбада болған. Бірақ, сол қолжазба сақталмаған. Ол оқулықтағы материал қайдан алынған екен? Сол кездері жазушылар жазған шығармаларын алдымен Жазушылар Одағына апарып оқитын. Мүмкін, сондай жағдайларға қатысқан адамдардың дерегі болуы керек. Қолда бар әңгіме сюжеті — Ақлима ана Сапардың келуін тағатсыздана күтуімен аяқталған. Автор шығармадағы мұндай оқиғаны қолжазбаны қолда төрт жыл уақыт ұстаған аралықта өзгерткен.

Ғ.Мүсіреповтің соғыс кезіндегі үшінші бір әңгімесі — “Тарландар”. Бұл туынды 1945 жылы жазылған соң, бірінші рет 1947 жылы “Әдебиет және искусство” журналының №1 санында жарияланды.

Әңгіменің қысқаша сюжеті: Қарағанды көмір кенінде он екі жасынан бері жұмыс істейтін жетпіске жақындаған Бекен қарт пен оның Никифор Куцирих атты досы жайында. Оқиға барысы олардың соғыс кезінде көрсеткен еңбек майданындағы қызу ерлік еңбектерімен баяндалады. Олар құрмет демалысына шығуға таянған тұста, соғыс басталып кетіп, қызу еңбек майданына білек сыбана кіріседі. Жастарды майданға аттандырып, ауыл-аймақта қалған әйел затын жұмысқа алдырып, кәрі-жасы демей бәрін жұмылдыра еңбекке кірістіру тәрізді іс-әрекеттері өрбиді. Майданға өз үлестерін қосу, Қазақстанның кен өндіру кезіндегі жаңа бесжылдықта үшінші орынға шығуы тәрізді жетістіктер әдемі берілген. Осы тәрізді сюжеттерден көріп отырғанымыздай, бұл әңгімеде

де соғыс тақырыбы көтерілгенін көреміз. Ал, көркемдігі жағынан қарапайым баяндалады.

Алғашқы нұсқамен бергі нұсқаларды салыстырғанда, біршама айырмашылықтар көрінеді. Бұл ерекшеліктер, әрине, көзге көрінбесе де, мұқият қарағанда байқалады. Кейбір сөз, сөйлемдер бір нұсқада бар болса, бір нұсқада кездеспей отырады.

Екі мәтінді қатар алып қарағанда, “Тарландар” шығармасының жорнал нұсқасы(7) 494-тей жол болса, кітап нұсқасы (2. 326-б) 500-дей жол болып, көбейген. Нұсқалық айырмашылық кейінгі нұсқада 6 жолдай артықшылық барын байқауға болады. Бірақ, бұл көлемі жағынан онша өзгеріс емес сияқты болғанымен, сөз мағыналарында бірталай өзгеріс бар. Мәселен, мына сөздер: “кәрі” сөзі “қарт” сөзіне сыпайыланған, “аяғына қалай басуына” — “тез басуына”, “Варов жүгіріп кетті” — “Варов жүріп кетті”, “бір айуан ғой” — “бір шатақ қой”, — деп сыпайыланса, мына тіркес: “Енді ғана басталды” — “әңгімелері енді ғана басталды”, — деп түсінікті болып өзгертілген. Мына сөйлем кейінгі нұсқаға жаңадан қосылған: “Бекен Мекепар десе, Никифор оны Бокан дейді. Сонымен екеуінің де есесі түгел”, т.б.

Қаламгер шығармашылық жолында халықтық фольклорды қайта өндеп, теріп, жаңаша құрған туындылары бар. Солардың бірі — “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” лиро-эпосының трагедиясы халық арасында көп тараған ұлы эпостың негізінде туындаған. Сол тәрізді Ғ.Мүсірепов көптеген аңыз-әңгімелер негізіне сүйеніп, түрлі шығармалар жазды. Соған дәлел — “Ер Қаптағай” аңыз-әңгімесі. Бұл шығарманың туу тарихы да фольклормен байланысты. Әңгіме халық ауыз әдебиетінен, халықтың бай рухани дүниесінен нәр алған. Бірақ, аңыз-әңгіме өз негізін қазақ ауыз әдебиетіне құрса да, автор тарапынан жаңа түр беріліп көркемделген.

“Ер Қаптағай” туындысы 1942 жылы жазылып, алғаш рет 1946 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 4-5 санында жарияланды.

Әңгіме жүйесінен негізгі екі нысана байқалады: біріншісі — қазақтың бай ауыз әдебиетіндегі көптеген шығармаларға тән ер жүрек, алып, ешкімге намыс жібермейтін қазақтың батырларын мадақтау, насихаттауды негізге алған болса, екінші бір нысанасы, ол — қазақ даласында дінге байланысты өрлеулер, қатынастарды ашуды көздеген. Яғни, ислам діні енгенімен де Қазақстанның барлық территориясына таралмағанын ашып беру.

Жазушы бұл аңызды соғыс кезінде неге жазды? Автор осы шығармасы арқылы біздің батырларымыздың өз елін, өз жерін жаудан қорғай алатындығын айтып, сол кезде болып жатқан Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің рухын көтеріп, дем беруі, олардың да Қаптағайдай алып батырлар екендігін еске салуы деп қараймыз. Осы тұстан аңғаратынымыз, Ғ.Мүсірепов соғысқа өз үнін осы әңгімесі арқылы да қосты. Аңыздағы негізгі ой — қандай дәу болсаң да, елін қорғар қазақ батырының алдында, ол — әлсіз адам.

“Ер Қаптағай” әңгімесінің 1942 жылы шыққан жорнал нұсқасын 1980 жылы басылған кітап нұсқасымен салыстырғанда көп өзгерістер жоқ. Себебі, автор әңгімені аз уақытта жазғанымен, қолжазбаны қолда төрт жыл ұстап, баспаға бермес бұрын мұқият тексерген. Әңгіме мәтініндегі өзгерістерге қарағанда шығарма мазмұнына тікелей әсер ететін айырмашылықтар жоқ деуге

болады. Алғашқы нұсқада Әзірет Әлі атына байланысты Ғазірет Ғалі деп берген: Мұны “Ғазірет Ғали бүгін Сырдариядан өтіп, осы Найман ішіне келіп қалып еді”, (8)— деген сөйлемнен көреміз. “Дүлдүл” сөзі бергі нұсқада “теңбіл дүлдүл” (2. 135-б) тіркесімен берілген. Сол тәрізді “жұлпы қар” — “зұлпы қар” болып, “өз заманының арыстан атанған” — “лақап бойынша арыстан атанған”, т.б. сияқты мысалдарды келтіргенде де соңғысын түсінікті қылуға қадам жасаған.

Ұлы Отан соғысы уақытында жазған Ғ.Мүсіреповтің бесінші әңгімесі - “Ана кесімі айнымайды” атты новелласынан бұған дейінгі автордың көркем аудармаға деген шеберлігі аңғарылады. Жазушы әсіресе, 30 жылдары М.Горькийдің әңгіме жанрындағы ана туралы көп әңгімелерін аудару туралы жазушының өзі айтпақшы, М.Горький әңгімелерін тәржімалауда негізгі сарынын алып, оны өз тіл көркемдігімен өрнектеп жазды.

Бұл шығармада да ананың соғыс кезіндегі күрделі психикасын көрсетеді. Мария ананы соғыс зары, соғыс мұңы бір өлтірердей мүжгілесе, екінші жағынан ең жаманы өзінен туған баласы — қанішер туған жеріне, еліне, балалық шағы өткен көшесіне аямай қырғын салып, іштен шыққан сұр жылан ананың үлкен жүрегіне инедей болып қадалды. Енді анаға ол бала емес — жау, дұшпан. Себебі, халыққа жау адам - оған да жау. Жауыз бала ана махаббатын, сезімін өшірді. “Ер деген өлім егетін адам емес, өмір егетін адам болады ұлым. Өлімді жеңіп, өмірді қорғап ер болсаң қайтер?”,— деген ананың сөзін ұқпады. Баласы атағын “өмір ері” деген атақпен емес, “өлім ері” деген атақпен шығарғысы келді. Баласы өзі туған қалашығын да аямайды. Тек, оны бұлай етпеуге тежеп жүргені сонда анасы қалғаны еді. Оны шешесі іздеп келгенде: “Мені өзің іздеп келгенің, мені ұққан екенсің. Бір сен едің қарайлайтыным, енді күлін көкке ұшырамын бұл қаланың!”— деуі ана үшін жүрегіне пышақпен ұрып қалғандай әсер етті. Баласын бар күшімен, жан-тәнімен жек көрді. Алдында ана жүрегі елді сатқын ұлына ма, аңыраған еліне иілерін білмей дел-сал болып жүрсе, енді ана “әрі азамат, әрі ана, ананың айнымас кесімін айтты: “— өлім егушіге — өлім! — деді”. “Тіпті ақымақ қанішер ұлы өмірді қорғауға келгенде, ана тайсалар, ананы тоқтатар қауіп жоқтығын білмейді екен ол”. Анаға бұл үкімді шығартқан — баласының қанішер болуы және ана өмірді қорғаушы тұлға болғандығы еді: “Барлық елде, әр заманда, барлық қанішер үшін, барлық ананың айнымас кесімі осы да. Барлық қанішерлер, барлық елден — барлық анадан осы кесімді ғана күте алады!”— деген ой әңгіменің желісін қорытындылап тұр.

Шығарма «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 13 қыркүйектегі санында жарияланған. Міне, одан бергі әр жылдардағы редакциялау барысындағы нұсқалармен салыстыра қарағанда, көп басып айтар өзгешелік жоқ. Кейбір ірілі-ұсақты мысалдар: “сүлдір”(9) сөзі кітап нұсқасында “мұндар”(2. 152-б) деп ауысқан, сонымен қатар “еңі” — “едің” болып түзетілсе, ал мына сөйлемдер: “ел шетіне өлім жетелеп әкелетін жандарды ана жүрегінің бар күшімен жек көрді” — “өз баласын жүрегінің бар күшімен жек көрді”,— деп кітап мәтіні өзгеше берілген. Ал, әңгімеде бұдан басқа да көп ерекшеліктер кездеспейді. Бұл да жазушының аударма жасаудағы шеберлігін көрсетеді.

Жазушының соғыс жылдарындағы көптеген шығарамаларында ана тақырыбының кең қозғалуының себебі, тек орыс әдебиетінің әсері деп біржақты көрсетулер де бар. Алайда, өзіміздің дәстүрлі әдебиетіміз бен бай фольклорымыздың өзегінен ана тақырыбының тамыр тартатыны және шындық. Ана жайлы туындыларындағы бейнелерге, ерлік туралы шығармаларындағы кейіпкерлерге мінез, қасиет беруде қазақ әдебиеті халықтық рухани дүниесінен ғажайып көркемдеулерді ала білді.

Ана бейнесі Ғ.Мүсірепов шығармашылық желесінің өзекті саласы мен ортақ буыны, себебі қазақ халқы ананы, қыз баланы қадірлейді. Осы тұста “Алып — анадан туады”, “Ананың алды — ақ жайлау”, “Ана алдында — құрмет, ата алдында — қызмет”, “Мейірімі мол ананың — жүрегі жылы, қолы кең”, “Анадан артық дос бар ма?”, “Ананың сүйген жері отқа күймейді, оқ та тимейді” деген, т.б. мақалдар бұған дәлел.

Жалпы, ана тақырыбындағы әңгімелер идеялық мақсаты мен негізі жағынан бір-бірін жалғап тұрады. Әділет пен ақиқат үшін тағдыр сынына қарсы тұрып, қиындықтарға төтеп бере алатын, қауіп алдында шегінбейтін, өз әрекетін бағалай алатын, өте мейірбан, әрі өжетті күрескер, қайсар аналардың бейнесі Ғ.Мүсіреповтің шығармасында бірін-бірі толықтырып отырады.

Қорыта келе, Ғ.Мүсіреповтің ана туралы әңгімелері қазақ әдебиетін тақырыптық тұрғысынан кеңейткен, жазу мәнері жағынан өзгеше әдемі иірім-өрнектер тудырған қымбат дүниелер.

Жазушы тілге жәй қарамай, зерделей, байыппен саралай, сәйкестіре қараған. Ол өзіне түгіл, өзгеге де қатал талаптар қоя білген. Әсіресе, тілге келгенде көп ойлар айтқан. Мысалға: “Тіл — аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді ешкімге түрткілетпеуіміз керек”(10. 443-б.)— деген «Социалистік Қазақстан» газетінің 1962 жылы 16 қыркүйекте берілген мақаласынан-ақ қаламгердің сөз өнеріне талғамының жоғарылығын әр пікірінен байқай аламыз. Ол: “Біздің шығармалардағы идеялық, көркемдік сәтсіздіктердің себебін басқа жақтан—творчестволық үйренуге немқұрайлы қараушылықтан, жалқаулықтан, жазушының өзіне тиісті талаптарды қоймағандығынан іздеу керек, ал бұл айтылғандар сайып келгенде өз өнеріміздің шеберлігін, өз өнеріміздің мәдениетін үстірт игеруге әкеліп соқтырады”(10. 293-б.),— деген “Қазақстандағы әдебиет сынының жайы мен міндеттері туралы” (1954 жыл) мақаласындағы тұжырымынан қандай зор талапты ұстайтындығына куә боламыз. Осы жерде қаламгердің тіл көркемдігінің мәселесі туралы ойы ерекше: “Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойынды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе — әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында. Біріне - бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты аралас шұбаған көште емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса, солай пайдалану болашақ үшін үлкен қиянат”(10. 441-б.),— деген ой-

тұжырымы терең ой түбіне жетелейді. Тіл туралы жазып, тіл әсемдігін құра жазған жазушының өзгеге де, өзіне де, болашаққа да қояр талабы — осы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мүсірепов.Ғ. Ер ана // Социалистік Қазақстан. 1942, наурыз, №8.
2. Мүсірепов.Ғ. Таңдамалы шығармалар: повестер мен әңгімелер (1т). — Алматы: Жазушы, 1980, 544-бет
3. Мүсірепов.Ғ. Таңдамалы шығармалар: повестер мен әңгімелер (3т). — Алматы: Жазушы, 1980, 586-бет
4. Мүсірепов.Ғ. Заман жене әдебиет. —Алматы: Жазушы, 1982, 352- бет
5. Мүсірепов.Ғ. Ақлима // Әдебиет және искусство. 1948, №8.
6. Қазақ совет әдебиеті. Орта мектептің 10-класына арналған оқулық. - Алматы: Мектеп, 1987, 336-бет
7. Мүсірепов.Ғ. Тарландар // Әдебиет және искусство. 1947, №1.
8. Мүсірепов.Ғ. Ер Қаптағай // Әдебиет және искусство. 1946, №4-5.
9. Мүсірепов.Ғ. Ана кесімі айнымайды // Социалистік Қазақстан”. 1942, 13 сентябрь.
- 10.Мүсірепов.Ғ. Суреткер парызы: Әдеби-сын еңбектері. —Алматы: Жазушы, 1970. 535-бет.

Резюме

В этой статье рассматриваются сравнительная текстология и идейно-художественные закономерности рассказов Г.Мусрепова, опубликованных в 1941-1945 г.г.

Resume

Bu makalede Gabit Musrepov'un 1941-1945 (bir dokuz yüz kırk bir – bir dokuz yüz kırk bes yıllar arasında) yayınlamış anlatmaların karşılaştırmalı metin hakkında bilimi ve ideolojik- sanatsal yasallıkları gözden geçiriliyorlarç.

Resume

In this article comparative textual criticism and ideological –fiction of Gabit Musrepov's story's are considered published in 1941-1945 y.y.